№4 дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдердің құрамындағы көне түркі элементтері.

Түркі халықтары мен олардың тарихын зерттеген ғалымдар (Н.А. Баскаков, Ә. Қайдар, М. Оразов, Т. Қордабаев және т.б.) олардың тілдері тарихын алты кезеңге бөледі:

- Алтай дәуірі (өмір сүру дәуірі нақты емес);
- Ғұн дәуірі (б.з.д. 1 мыңжылдықтан б.з. V ғасырына дейін);
- Көне түркі дәуірі (V-X ғасыр);
- Орта ғасыр дәуірі (X-XV ғасыр);
- Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (XV-XX ғасыр);
- Ең жаңа дәуір (XX ғасырдан қазірге дейін);

Түркологияны зерттеуші ғалымдар көзқарастарына сүйенсек, көне түркі дәуірі V-X ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл кезең мынандай ерекшеліктерімен сараланады:

көне түркі дәуірінде түркілер және олардың тілдері бұрын өздерімен бірлікте болған монғолдар тілімен ерекшеленеді;

бұл дәуірде түркі бірлестігі құрамындағы тайпалар айқындалып, олар бөлекше аталады;

түркі тайпаларының "Түркі қағанаты" атты мемлекет қалыптастырады;

түркі қағанатын басқарған қолбасшылардың аттары тарихта белгілі;

тарихынан мәлімет беретін ескерткіштері белгілі.

V-VIII ғасырлардағы жазба ескерткіштер – түркі халықтарына ортақ мәдени мұра. Сондықтан да сөз тарихы халық тарихымен оның мәдениетімен, өмір сүрген қоғамымен тікелей байланысты. Тіл тарихын зерттеуші, сөз зергері этимолог ғалым Ә.Нұрмағамбетов сөзімен айтсақ: "Қоғамның әр дәуірде дамуына қарай сөз мағынасы да соған сәйкестене отырып, ілгері дами түседі... Ертеде қалыптасқан қағида бойынша, тілдің негізгі өлшемі, негізгі категориясы – сөз екендігін еске алсақ, тіл тарихы дегеніміз – соны құрастырған сөздер тарихы" [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 3 б.].

Сөздер тарихында сөз мағынасының күңгірттеніп, сөйлеушіге түсініксіз болу үрдісі − тілде үнемі болып отыратын құбылыс. "Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы – сол сөзді қолданыстан, не мүлдем шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, күрделі сөздерде ғана келеді" [Р. Сыздықова, 1994; 180 б.]. Құрамында архаикалық элемент кездесетін фраземаларға талдау жасап көрейік[1].

Тықыр таян (шақ, кез) // Тықыр таянды "қауіп-қатер төнді, жаны қысылды". Түркі халықтарының тарихын зерттеген Л.Н. Гумилев V-VII ғасырларда түркүттерде көк тәңірге құрбан шалу рәсімі болғанын айтады. Бұл рәсім түркүттердің бүгінгі ұрпағы – қачырларда XIX ғасырдың соңына дейін сақталған. Қачырлар осы құрбандықты *тығыр таих* деп атаған. Құрбандыққа қой шалынып, қымыз, сүт, айран және ет сорпасын төгетін болған. Өте ертедегі бабаларымыз ел басына қауіп-қатер, қиыншылық төнген кезде *тықыр таяң кез* деп, яғни "құрбандыққа шалу кезі келді" деп айтпады ма екен... Замандар өте түрткілерде рәсімнің аты ұмыт болып, оны атап тұрған сөздердің мағынасы күңгірттенгендіктен, өзімізге таныс *тықыр* және *таяу* сөздерімен алмастырып алуымыз әбден ықтимал [Р. Сыздықова, 1994; 158-159 бб.].

Ер жету "есею, азамат болу, үлкею". Түркі жазба ескерткіштерінде *ерэт* және *ерэдз* тұлғалары "еркек қалпын игеру, ерлерге ұқсату" [Древнетюрский словарь, 1961; 176 б.] тұлғасында кездеседі. Ескерткіштегі *ерэт* немесе қазіргі қолданыстағы *ер жетті* тіркесі балалардың үлкейіп, есеюіне арналған. Бүгінгі қолданылып жүрген *ер жет* тіркесінің төркіні *ерэт* деуімізге толық мүмкіндік бар, яғни *ерэт>арйэт>ериет> ержет> ержет+у>ержету*. Жазба ескерткіштерге жақын дыбыстық құрам тува тілінде сақталған:

[1] Монографияда Ә.Нұрмағанбетовтың "Бес жүз бес сөз". Алматы, 1994, Р.Сыздықованың "Сөздер сөйлейді". Алматы, 1994 еңбектерінен теріп алынған архаикалық фраземалар жүйелі түрде талданылды.

элээди [Русско-тувинский словарь, 1980; 69 б.]. Мұнда дыбыстардың *л ~ р* сәйкестігі (*ерэт>элээди*) орын алған [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 92 б.].

Қу басы "жеке басы, қарақан басы" қазақ тілінде *қу* сөзінің мұндай түрі жеке қолданылмайды, әрі бас сөзінен басқамен тіркесе алмайды. Түркі тілдерінің ішінде – чуваштарда *ху* [Словарь чувашского языка, 1941; 138 б.] тұлғасында "өзі" мағынасын, тува тілінде *хуу* дыбыстық құрамында "жеке" ұғымында [Русско-тувинский словарь, 1980; 637 б.] жеке сөз ретінде де, басқа сөздермен тіркесіп те қолданылады. Осыған қарағанда ерте қазақ тілінде де жиі қолданылып, кейінгі кезде тек фразема құрамында сақталған [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 92 б.].

Таң сарғаю "таң ату". Якут тілінде *сараа* немесе *сырдаа* тұлғалы сөздер "жарық болу", "жарқырау" мағыналарында қолданылады [Русско-якутский словарь, 1958; 565 б.]. Ерте кезде қазақ тілінде де осы мағынада қолданылған.

Уақыт өте келе ол мағынасынан айырылып, жеке қолданыстан қалып, тек *таң* сөзімен тіркесе сақталған. Бұл жорамал бойынша *таң сарғаюдың* қазіргі мағынасы "таң жарық болу", "таң жарқырау" [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 244 б.].

Қымыздың татуы "қымыздың дәмі бұзылып, ішуге жарамсыз болуы". Көне түркі жазба ескерткіштерінде *татығ* сөзі "астың дәмі" мағынасынан басқа, "тәтті" деген ұғымда қолданылған [Древнетюрский словарь, 1961; 541 б.]. Көне түркілік *татығ* пен қазіргі қазақ тіліндегі *тәтті* бір түбір екенінде еш күмән жоқ. Солай бола тұрса да, дәмі жағынан жағымдылықты ұғындыратын *тәтті* немесе көне түркілік *татығ* сөзінің қымызға теңелуінің себебі – бұзылған қымыздың белгісі оның дәмінің тәттірек болуымен ғана ажыратылады. Осылайша *татыған қымыз* фраземасы *тәттірек қымыз* дегенге нұсқаса, оны "бұзылған қымыз" деп ұғыну қалыптасқан. Таза қымыздың дәмі ашқылтым келетіні белгілі [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 267 б.].

Шыр жұқпау "ет алмады, семірмеді, қоң бітпеді". Көне түркі ескерткіштерінде *шыр* тұлғасының мағынасы "май" деген ұғымды берген. М. Қашқари сөздігінде *Бу еттә чир йоқ* (бұл етте май жоқ) деген сөйлем кездеседі [Древнетюрский словарь, 1961; 146 б]. Осы тұлға қазақ тілінде фраземада сақталып, *шыр жұқпау* "май жұқпаумен" мағынасы бірдей [Ә. Нұрмағамбетов, 1994; 299 б.].

Көне түркі сөздерінің мағынасы қазіргі тілде кездесетін фраземалар ішінде ашылады. Р. Сыздықованың "Сөздер сөйлейді" еңбегінде *ала* сөзімен келетін үш фраземаның этимологиясы талданылған [Р. Сыздықова, 1994; 27-32 бб.]. "Ала" сөзімен келетін фраземалардың этимологиясына проф. Р. Сыздықованың [Р. Сыздықова, 1994; 27-32 бб.] еңбегі негізінде талдау жасалынды (5-кесте).

5-кесте – Ала сөзімен келетін фраземалардың этимологиясы

Ала сөзі сақталған фразема	Фраземаның мағынасы	*Ала* сөзінің этимологиясы
Ала, алаша, ат	жылқы ішіндегі көрнекі ат	Татар тілінде *алаша* варианты кездеседі. *Азбан* мағынасындағы *ала* сөзі – халық поэзиясында күшті, мықты жылқының символы, өйткені азбан – үйірге түсіп жүрген, әбден есейіп, күш жинап, еркек малдың ақтатылған кездегісі. *Азбан* және *ала* сөздері – синонимдер [Р. Сыздықова, 1994; 27-28 бб.]
Ала балта	өлтіру, қырып-жою, бүлік-шілік	Л. Будагов джағатай (шағатай) тіліндегі *алау* сөзі "талау, талан-таражға салу, бүлдіру" мағынасын көрсетеді [С. Будагов, 1869; 79 б.]. *Ала қырғын, ала сапыран, ала топалаң* тіркестеріндегі "бүліншілік" ұғымын ала компоненті айқындай түседі. Ертеректегі қазақ тілінде кездесетін *ала балта* – жай

		балта емес, соғыс құралы, ұрыс балтасы, кісі өлтіретін құрал [Р. Сыздықова, 1994; 29-30 бб.].
Ала көз. Ала ауыз	Араздасу, келіспеушілік, бөліну	М. Қашқари сөздігінде *ала* сөзінің мағынасы “келіспеушілік, қастандық”. Қазіргі қырғыз тілінде *ала* сөзі “келіспеушілік, араздық” мағынасында қолданылады [К.К.Юдахин, 1965; 45 б.]. *Ала көз, алабұрту, ала ауыз* тіркестеріндегі келіспеушілік, қастық мәнін жасауға *ала* сөзінің мағынасы негіз болатынын байқау қиын емес [Р.Сыздықова, 1994; 3-31 бб.].

Көне түркілік элементтердің мағынасының фраземадағы қолданыста ашылу мүмкіндігін немесе тек сол тіркестердегі тіркесімділік қабілетін көптеген мысалдармен дәлелдей түсуге болады. Ә. Нұрмағамбетовтың “Бес жүз бес сөз” кітабында 28 көне түркілік архаикамен келген фраземалардың мағыналарына, ал Р.Ғ. Сыздықованың “Сөздер сөйлейді” еңбегінде 26 фраземаға этимологиялық талдау жасалған.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б.